

# КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Әлеуметтік психология ғылым  
ретінде

6-тарау. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім.  
Әлеуметтік психология ғылымы



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы

Дәріс: 24. Әлеуметтік психология ғылым ретінде

Автор алғаш рет әлеуметтік психологияға колледжде оқып жүрген кезде қызыға бастады. Себебі ол адамның мінез-болмысының сүйіспеншілік, жек көру, жаңылысу, агрессия, альтруизм, әлеуметтік әсер, бойсұну сынды қызықты қырларына үңіледі. Ол кезде осынау ғаламат ғылымның қалай пайда болғанына аса мән бере қойған жоқ. Жай ғана бұрын-соңды жазылған дүниелерді оқумен болды. Аспирантураға түскенше осылай жалғасты. Күндердің күнінде ол тек бұл ілімнің қатардағы тұтынушысы ғана емес, жасаушысы да бола алатынын ұғынды. Көз алдында жаңа әлем – ғылыми негіздегі әлеуметтік психология әлемі ашылып сала берді. Ол маңызды сауал қоя білуді әрі сол көкейкесті сұрақтарға жауап табу үшін түрлі эксперименттер жасауды, яғни студент шағында алған білімін одан әрі толықтыра түсуді ойлады. Содан бері ол бұл іске толықтай ден қойды.

Бұл дәрістен кейін сіз аяқастынан ғалым болып кетпейсіз. Ондай биік мақсаттарды көздемейміз, бірақ біліміңізді жетілдірудің артығы жоқ. Дәріс барысында сізді өз әлеуметтік ортаңыздағы құбылыстарға ғылыми көзқараспен қарауға көмектесеміз. Автордың тәжірибесінен мұның өте пайдалы екенін білеміз. Алайда барлық уақытта адамның ойлағаны бола бермейді.

### Ғылыми әдіс дегеніміз не?

Ғылыми әдіс дегеніміз – кез келген салада, айталық, физика, химия, биологияда әлде әлеуметтік психологияда қолданыла отырып, ғылымға құштарлығымызды қанағаттандырып, түсінігімізді қалыптастыратын ең оңтайлы жол.

Дәлірек айтсақ, біз ғылыми әдісті заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты анықтау үшін қолданамыз. Мейлі олар әлдебір химиялық элементтер, ғаламшарлар, тіпті, адамзат баласының сүйіспеншілігі мен жаза басуының алғышарттары болсын делік. Ғылыми зерттеудің алғашқы сатысы – бақылау.

Келесі қадам – неге бұлай болғанын болжау. Ол алдыда келтірілген «заңды байланысты» ашу жолындағы жай ғана көмескі үмітіміз делік. Үшінші қадам – болжамды тексеруді қажет ететін гипотезаға айналдыру. Соңғы қадам – экспериментті іске асырып, әлгі жорамалымызды нақтылау немесе жоққа шығару. Егер мұқият әзірленген, тиянақты орындалған гипотезамыз расталмаса, ары қарай зерттеуді жылы жауып қоя салуымызға болады. Автордың сүйікті физигі Ричард Фейнмен айтпақшы:

«Егер эксперимент жүзінде болжам расталмаса, болжамның кереметтігінің де, болжам жасаушының ақылдылығының да, атақтылығының да біз үшін еш мәнісі жоқ, яғни болжам – қате деген сөз. Бар болғаны – осы».

Автордың ойынша, ғылымның мәнін ашатын да, көркейтетін де – осы. Ғылым туралы бұдан асқан шындық жоқ.

### Ғылым мен өнер

Ғалым ғылым мен өнер – бір-бірімен сабақтас дейді. Екеуі өз алдына бөлек әлем десек те, бұлардың өзара байланысты екеніне сенімі кәміл. Белгілі орыс психологі Павел Семенов ғылым мен өнердің өзара байланысын аңғара білген. Семеновқа сенсек, ғалым ретінде, біз қоршаған ортамызға жіті көзбен қараймыз және белгісіз нәрселерді көңілге қонымды, мағына беретіндей етіп түсінуге тырысамыз. Өнер адамы ретінде, біз өзімізге таныс қоршаған ортадан мүлдем жаңа дүние ойлап табамыз. Ал ол шын мәніндегі жақсы ғылыми экспериментті осы екі саланы да терең білетін адам жасауы қажет деген.

Неге әлеуметтік психологияда өнер мен ғылым қатар жүреді деп ойлайсыз? Бұл сұрақтың жауабын осы дәрістің барысында түсінесіз. Адамзаттың күрделі болмысын қаузағандықтан, әлеуметтік психология ғылыми эксперименттің ең қызықты бағыты саналады. Егер эксперимент жасаушы шынайы, сенімді нәтижеге қол жеткізгісі келсе, өнерге де жүгінуге тура келеді. Мұның әдетте қалай жүзеге асатынын барынша түсіндіріп көрейік.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы

Дәріс: 24. Әлеуметтік психология ғылым ретінде

## Жорамалдан экспериментке дейін

Адамдардың неліктен белгілі бір қарекетке баратынын немесе неліктен көзқарасын аяқасты өзгертетінін нақты түсіндіріп бере алмайтынын жылдар бойғы тәжірибе көрсетті. Әлеуметтік психологтардың экспериментке жүгінетін себебі осында.

Осынау көкейкесті сұраққа жауап беру үшін, бізге тұспалға түрткі болған жағдаяттан тыс әрі қарай терең үңілу қажет. Автор әріптестерімен бірге сыртқы факторларды бақылау үшін және жоғарыдағы мысалдай қарабайыр оқиғада қателіктің тартымдылыққа әсерін сынақтан өткізу үшін эксперимент жобасын әзірледі. Бұл жерде өрескел қателіктің сипаты және оны жасаған жан туралы мәліметіміздің әлдеқайда анық болуы шарт еді.

## Эксперимент жобасын әзірлеу

Осыған дейін айтқанымыздай, бақылау мақсатында эксперимент жасаушы идеясын шынайы өмірдің қуғын-сүргінінен аршып алып, зертхана аясына сыйғызу керек. Ол үшін шынайы өмірдегі оқиға өтетін ортаға ұқсас модельді орта жасау қажет. Әдетте зертханалық эксперименттер шындықтан алшақ кетеді деген сын жиі айтылады. Адами қарым-қатынасқа үйлеспейтін жасанды түрдегі еліктеу шынайы өмірмен қабыспайтынын алға тартады. Бұл сын қаншалықты орынды?

Қатысушыларға ұсынылған үш түрлі жағдаят осы зерттеудің дербес айнымалы шамасын анықтайды. Қатысушылардың өз бастарынан өткерген жағдайлары – сұрақтарға беретін жауабына қаншалықты әсер етеді? Эксперимент жүргізген зерттеуші осыны анықтауды мақсат етті. Біздің мақсатымыз – сынақтың ауырлығының, яғни дербес айнымалы шаманың қатысушылардың мінез-құлқына анық байқалатын әлдебір өзгеріс әкелген-әкелмегеніне көз жеткізу. Басқаша айтқанда, қатаң қабылдау сынағынан өткендер мен орташа сынақтан өткендердің мінез-құлқында қандай айырмашылық болатынына зер салдық.

Соңында рейтинг шкаласын ұсынып, әр қатысушыдан пікірталас қаншалықты қызықты болғанын белгілеуді өтіндік. Бұл тәуелді айнымалы шама деп аталады. Өйткені берілген жауаптар, шын мағынасында, қатысушыға қойылған қандай да бір эксперимент шарттарына тәуелді. Тәуелді айнымалы шама дегеніміз – экспериментшінің дербес айнымалы шаманың әсерін бағалау үшін қолданатын өлшем құралы. Қысқаша айтқанда, егер тәуелсіз айнымалы шама – іс-әрекеттің себебі болса, тәуелді айнымалы шама іс-әрекеттің салдары.

## Кездейсоқ бөлудің маңызы

Зертханалық эксперименттің ең маңызды аспектісі – қадағалау. Алайда бұл басты артықшылық болып есептелмейді. Ал мұндай эксперименттің басты артықшылығы – қатысушылардың түрлі эксперименттік топтарға кездейсоқ әдіспен бөлінуі, яғни кез келген қатысушы зерттеу барысында алуан түрлі жағдайға тап болуы ықтимал. Расында, қатысушыларды кездейсоқ бөлу – эксперимент әдісі мен эксперименттен тыс, еркін тәсіл арасындағы ең басты айырмашылық. Ал адамдарды түрлі жағдайға қарай бөлудің ең ұтымды жері мынада: қадағалаудан тыс кез келген айнымалы шама іс жүзінде әр жағдайда әрқалай құбылады. Демек, мұндай айнымалылар нәтижеге тұрақты әсер етуі неғайбыл.

Егер қатысушыларға түрлі эксперименттік жағдай кездейсоқ бөлінсе, әр ортада бай, мәдениетті, сымдай тартылған сымбатты еркектердің үлесі шамамен алғанда бірдей болады. Олардың арасында қандай да бір айырмашылық болғанның өзінде, мұның осындай адами қасиеттер мен ерекшеліктерге қатысы болмас еді. Өйткені осы қасиеттер барлық жағдайға тегіс бірдей таратылды.

Ақылды әйел мен бақытты еркек, мысалы, дәл осы күйінде зертханалық эксперимент талаптарына сәйкес келмейтінін айтуымыз керек. Сонда не істейміз? Мұны да ойластырып көрейік.

Іс жүзінде 50 еркекті алдын ала дайындап, кесіп-пішпей-ақ, «бұйырғаны – осы» деген әдіспен 25 ақылды және дәл сондай мөлшердегі онша ақылды емес әйелге теңдей бөлер едік. Бірнеше



айдан кейін олармен қайта қауышып, бақыт туралы сауалнама жүргіземіз. Егер ақылды әйелге қосақталған еркек басқа топтағыға қарағанда өзін бақыттырақ сезінсе, біз бақыттың кілті неде екенін анық білетін боламыз.

Қорыта айтқанда, бақытты болудың мәдениеттілікке, ажар-көрікке, ақшаға, күш-қуатқа еш қатысы жоқ. Өйткені олар эксперименттік топқа кездейсоқ тартылған адамдар болатын. Демек, бақыттың кілті әйелде болып шығады.

Шынтуайтында, бұл – таза қиял, тіпті әлеуметтік психологтардың өзі ғылым үшін деп, біреуді мәжбүрлеп үйлендіре алмайды. Алайда бұл қатаң қадағалаумен жүретін зертхана жағдайында маңызды, мәнді және бір-бірімен өзара байланысты жайттарды тексере алмаймыз дегенді білдірмейді. Бұл кітапта ондай мысалдар жетіп артылады. Эксперименттік әдістің артықшылығын айқындай түсу үшін осындай мысалдардың біреуін қарастырайық. 6-дәрісте балалардың теледидардан зорлық-зомбылықты көруге сарп ететін уақыты мен олардың өз арасындағы мәселелерді күш көрсету арқылы шешуге бейімдігінің арасында бір байланыс барын айтқан едік.

Ендеше, теледидардан зорлық-зомбылықты көру жеткіншектерді агрессиялы болуға үйрете ме? Бұған «иә» деп те, «жоқ» деп те жауап беруге болады. Әйтсе де, балалардың зорлық-зомбылық туралы фильмдерді жай ғана қызықтап қарауы мүмкін, егер олар күн ұзағына «Сезам көшесі» картинасын қараса, табан астынан бұзақы, озбыр біреуге айналып кетпес еді. Дегенмен кейбір экспериментшілер зорлық-зомбылыққа толы фильмдер мен хабарларды көру оны көбейтетінін дәлелдеп бақты. Қалайша? Бір топ балаға кездейсоқ бөлу тәсілімен ұзақтығы 25 минуттық ұрып-соғу, өлтіру, зорлау, атып тастау сияқты көріністерге толы телехикаяларды көрсетті.

Салыстыра зерттеу мақсатында тағы бір топ балаға кездейсоқ бөлу тәсілімен ұзақтығы дәл сондай спорттық шараны тамашалатты. Бір ескеретін жай, әр баланың қатігездікке толы және жай бейнефильмді қарау мүмкіндігі бірдей болды, яғни экспериментке қатысар алдында балалардың мінез-құлқында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Ал эксперимент қорытындысы зорлық-зомбылыққа толы фильм көрген жеткіншектердің бойында спорт шарасын тамашалағандарға қарағанда тұрпайы, ұр да жық мінез көбірек байқалатынын көрсетті. Демек, зорлық-зомбылық жайлы фильмдер мен хабарларды көп көру осындай әрекеттердің де көбеюіне әкеледі. Бұл – соның бұлтартпас дәлелі.

Зерттеу осыған дейін басында сипатталған түрмедегі оқу бағдарламасын бағалауға ұқсайтынын байқаған шығарсыздар. Жазасын өтеушілер оқу бағдарламасына өз еркімен жазылған болатын, ал жеткіншектер зерттеуге біздің нұсқауымызбен қатысты, яғни сотталғандардың арасындағы рецидивизм деңгейін бұлармен салыстыру да қате. Мұндай салыстыру бағдарламаның тиімділігін асыра бағалау болар еді. Ендеше, бұл мәселені шешудің жолы қандай? Мұның бір жолы – бағдарламаға, мүмкіндігінше, еріктілерді көбірек тарту. Еріктілер бұрынғыдан екі есе көп болғаны дұрыс. Мұндайда еріктілердің бірінші жартысын тәжірибе үшін кездейсоқ әдіспен таңдап, ал екінші жартысын жүргізіліп жатқан тәжірибені бақылау үшін пайдалануға болады. Егер іріктеу, шын мәнінде, кездейсоқ бөлуге сай өтсе, екі топтың рецидивизм деңгейін анықтау нәтижесі әлдеқайда нанымды, мағыналы болар еді.

Қабылдау сынағы жайлы экспериментке қайта бір зер салайық. Егер біз сауалнама жүргізіп, қатаң сынақпен қабылдайтын бауырластық мүшелері орташа сынақтағыларға қарағанда бір-біріне әлдеқайда жақын екенін тапсақ, сынақтың ауырлығы мен топқа бауыр басып, іш тартудың арасында байланыс бар екенін анықтар едік. Басқаша айтқанда, бауырластыққа қабылдау сынағы қатаң болған сайын, сынаққа қатысушылар да бір-біріне жақын болады. Алайда екі айнымалы шама арасында қанша жерден байланыс болса да, біз бір сауалнама нәтижесі негізінде ондай қорытынды шығаруға асықпас едік. Тек қана екі фактор бір-бірімен салалас деумен ғана шектелуге болады.

Бір жағынан, қабылдау сынағының қатаңдығы топ мүшелерінің бірін-бірі жақын тартуына еш қатысы болмауы ықтимал. Бұған мүлде басқа жағдайлар себеп болуы да ғажап емес. Мысалы, сынақтың неғұрлым қатаң болуы топтың тартымдылығынан шығар. Егер топ мүшелері өздерінің нарқын көтергісі келсе, топтың жоғары мәртебесін қолдан көтеруі мүмкін. Осылайша, қатаң талаптар қойып, топқа қосылуға қатты құлшыныс танытқандар болмаса, басқасын алдын ала айнытуы ықтимал. Бір ғана сауалнама нәтижесіне сүйеніп, қатаң қабылдау сынағы, шын мәнінде, топты жақсы көруге алып келеді деген түсінік қате деуден аулақпыз. Сауалнама нәтижесі біздің мұндай



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе  
Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы  
Дәріс: 24. Әлеуметтік психология ғылым ретінде

байлам жасауымызға негіз болмайды. Өйткені олар бізге себебі мен салдары туралы ештеңе айтып тұрған жоқ. Оның үстіне, бұған дейінгі мысалдардан аңғарғанымыздай, қатаң сынақ пен іш тартуға әсер ететін үшінші айнымалы шама, үшінші факторды естен шығармау керек. Қатаң сынақты өткізуге немесе қатаң сынаққа қатысуға кім құлықты? Мұндайда «сынаққа қатысушылардың бойында садомазохизмге бейімдік жоқ па екен?» деген күмәнді ойда қылаң берері анық. Экспериментке қатысушылар қатаң қабылдау сынағына бірге түскендіктен емес, мінездері жарасқандықтан бірін-бірі жақсы көріп, жақын тартуы мүмкін. «Осылай болуы мүмкін бе?» деп те ойланасыз. Дегенмен мұны да жоққа шығаруға болмайды. Бұл құбылысты әркім өзінше түсінеді. Зерттеушіні мазалайтын осы беймәлім сыр. Кездейсоқ бөлу амалына негізделген эксперимент әдісінің бір артықшылығы – көңілдегі дүдәмалды сейілтеді. Эксперимент кезінде садомазохистердің қатаң сынаққа түсуіне де, ешқандай сынақсыз сырғып өтіп кетуге де мүмкіндігі бар. Дегенмен шынайы өмірдегі тәжірибе кезінде олардың барлығы қатаң қабылдау сынағынан өтуге ұмтылуы мүмкін, соған сәйкес түпкі нәтиже де түсіндіруге келмей қалады.